Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 313-314

ЖЕРГІЛІКТІ СҮТТІ БАҒЫТТАҒЫ ҚАРА- АЛА СИЫРЛАРДЫҢ ДЕНЕ ҚҰРЫЛЫМЫН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН ҚҰРАСТЫРУ

Хасенов Ж.С.

Еліміздегі сүтті ірі қара шаруашылығындағы сиырдың сүт өнімділігі мен селекциялық жұмыстың қол жеткізілген деңгейі қазіргі заманғы талаптарға сай келмейді. Олардың тиімділігін арттыру үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын тереңдете жүргізіп, алынған нәтижелерін өндіріске кеңінен енгізу қажет. Мал асылдандыру тиімділігін арттырудың маңызды факторларының бірі - генетика және селекция саласындағы әлемдік жетістіктерді өндірісте кеңінен пайдалану болып табылады.

Асылтұқымдық құндылық популяциядағы бағаланатын малдың жасына қарай сапасын сипаттайды және кешенді индекстің шамасымен анықталады. Малдың асылтұқымдық құндылығын кешенді бағалау нәтижелері бойынша оларды ары қарай пайдалану жолдары анықталады. Қазіргі уақытта ірі қараның асыл тұқымды құндылығын бағалау бонитировка әдісімен жүргізіледі, бірақ бұл әдіс өткен ғасырдың 70-ші жылдарында құрастырылған. Берілген әдістеме тек жартылай бағалауды береді, себебі малдың 60-65% өнімділігі азықтандыру деңгейіне байланысты болады. Сол себепті кейбір шарттарда жиі жоғары өнімділік көрсеткен малдар, басқа сапа көрсеткіштерінде кемшіліктерін байқатқан.

Жаңа үлгідегі сүтті ірі қараның моделін құрастыру үшін 2012 жылы бірінші бұзаулаған сиырлардың 2-5 ай лактациясында дене тұрпатының сызықтық бағалауы жүргізілді. Бағалау халықаралық стандарттарға сәйкес, 18 экстерьер көрсеткіштері бойынша жүргізілді. Алынған ақпараттар биометриялық өңделіп, әрбір көрсеткіштің тұқымқуалаушылық коэффициенті анықталды. Тұқымқуалаушылық бойынша алынған мәліметтер негізінде генетикалық өзгергіштік жөнінде нәтижелері алынды. Паратипикалық фактор экстерьерлік көрсеткіштің дамуын сипаттайды. Кез келген селекция жұмысында оптималды парметрлерді анықтаған жөн. Осыған орай, сиырды сауу мен экстерьерлік параметрлері арасындағы арақатынасты орнатуға зерттеулер жүргізілді. Екі не одан да көп оңтайлы корреляция кезінде, бір көрсеткіш бойынша ірі қараны таңдау басқа көрсеткіштердің жақсаруына себепші болады.

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша, сауумен байланыста болған көптеген сызықтық экстерьерлік көрсеткіштер оңтайлы байланыспен сипатталады. Ірі қараның сыртқы көрінісі бойынша типі, дене мықтылығы, бойы, кеуде тереңдігі дұрыс корреляцияланады. Желіні бойынша алдыңғы, артқы және олардың ұзындығынан басқа барлық көрсеткіштер корреляцияға ұшырайды. Басқа көрсеткіштерде корреляция нөлге жақын, тең, немесе теріс, ол оның өзге шаруашылыққа пайдалы көрсеткіштерін көрсетеді.

Сонымен қатар зерттеулер барысында сауумен корреляцияланатын нақты көрсеткіштер анықталған. Қисық сызықты байланыс негізінде жаңа типтегі қара-ала сиырдың оптимады экстерьерлік көрсеткіштері анықталды. Сүтті бағыттағы ірі-қара малдың тұқым қуалау арқылы дене бітімі және фенотиптік, генетикалық өзгерістерімен олардың өнімділігі анықталды. Малдың дене бітімі және өнімділігі бір-бірімен байланысты екендігі анықталды, мұндай мәлімет малды бір мәліметпен іріктеуге мүмкіншілік береді. Зерттеу нәтижесі сүтті ірі қара малдың оптималды дене бітім параметірін анықтауға алып келді, мұндай мәлімдеме селекциялық жұмыс жүргізуге және олардың өнімділігін арттырады. Нақты тұқымдық құндылығы бағалау барысында сүтті ірі қара малдың өнімділігіне әсер ететін факторлар матрица құру барысында системаға енгізіледі. Математикалық есеп бойынша генетикалық құндылығы, өнімділігі бар сиырлардың бәрі жақсартушы болып келмейді, сондықтан малды іріктеу (сұрыптау) жұмыстары барысында өте мұқият болу керек.

Жетекші: а.ш.ғ.д., профессор А.Ә.Төреханов